

**Павлодар облысы білім беру басқармасы**  
**«Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ**  
**педагог мәртебесін көтеру мақсатында**  
**облысымыздың жас ұстаздарына арналған**  
**ҰСТАЗДАР АЛАМАНЫ**  
**облыстық интеллектуалды жобасының**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жобаның мақсаты мен міндеттері**

Ұстаз мәртебесін көтеру, дарынды педагогтерді қолдау, олардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, облысымызға талантты жас педагогтерін танымал ету.

Сонымен қатар, барлық жаңашылдыққа әзір болу, жаңашылдықты тануға ұмтылу және білімге табыстың іргелі факторы ретінде ұмтылу.

– Жас педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау; білім беру жүйесін жетілдіруге жас мұғалімдердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру;

– эксперименттік және инновациялық жұмыста кәсіби батылдық пен дербестікті дамыту;

– педагогтің өзін-өзі жетілдіруіне, кәсіби өсуіне, кәсіби құзыреттілігін кеңейтуге ықпал ету;

– білім беру үдерісін ұйымдастырудың заманауи формалары мен әдістерін насихаттау;

– жас мамандардың кәсіби қоғамдастығында кәсіби қарым-қатынас, өзін-өзі көрсету және әріптестерін қолдау үшін мүмкіндік жасау.

– Аудитория мен қоғамның ұстаз туралы пікірлерін қалыптастыру және дамыту;

– Педагогикалық қоғамдастыққа табысты педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында өзінің зияткерлік еңбегінің нәтижелерін көрсетуге мүмкіндік беру.

**II. Өтетін орны және мерзімі**

2022 жылғы қараша айынан бастап 2023 жылғы желтоқсан айына дейін, облыстық кезең 2023 жылғы ақпан айында.

Жоба II кезеңнен өтеді. I - аудандық (қалалық) кезеңі, II кезең облыстық кезең.

**III. Жобаны өткізудегі жетекшілік**  
**пен қазылар алқасының жұмысы**

3.1. Жобаның жетекшісі Павлодар облысы білім беру басқармасы «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ. Жобаға қатысушылардың кәсіби қызметін сараптау және бағалау үшін- қазылар алқасы құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті жобаны дайындау және өткізу барысында туындаған мәселелерді қарастырады, әрбір кезеңді өткізу тәртібін айқындайды т.б.

3.3. Қазылар алқасының құрамына ұйым басшылары, білім беру саласынан бейтарап өкілдер, білім беру басқармасының (бөлімдерінің) мамандары, кәсіподақ ұйымының басшылары, орталық әдіскерлері т.б. кіреді.

3.4. Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынылған материалдарын мұқият зерделеп, қатысушылардың жауаптарының толықтығы мен дұрыстығына қарай бағалап, жеңімпаз келесі (*облыстық кезеңге жоба қорытындысы бойынша 1-орын иеленген қатысушы жіберіледі*) кезеңге қатысу үшін жіберіледі.

3.5. Жобаны қорытындылауды және жеңімпаздар мен қатысушыларды марапаттауды ұйымдастырады.

#### **IV. Жобаны өткізу және ұйымдасытру**

4.1. 2022 жылғы қараша айынан 2022 жылғы желтоқсан айы аралығында аудандық/қалалық кезеңіне қатысушыларды сұрыптау және жобаның I-кезеңін өткізу.

4.2. 2022 жылғы желтоқсанның 25-нен кешіктірілмей аудандық/қалалық кезеңінің жеңімпаздарының өтінімдері Павлодар облысы білім беруді дамытудың инновациялық орталығы поштасына **icropvl@mail.kz** жіберу. (*Аудандық және қалалық білім беру бөлімінің 1-ші басшымен бекітілген өтінім мен жоба қорытындысы бойынша хаттаманы қоса жіберу қажет*)

4.3. II- облыстық кезең 2023 жылғы ақпан айында ұйымдастырылып өткізілсін.

#### **V. Жобаның шарттары**

- Жоба мемлекеттік және ресми тілде өтеді.
- Жобаға жас педагогтердің тәлімгерлері қоса шақырылады.
- Кешігуге тыйым салынады.
- Қатысушылар туралы өтінімді берілген қосымшаға сәйкес (**қосымша №1**) ұсыну қажет.
- Ойын барысында әдепсіз сөйлемді қолдануға тыйым салынады, осы ережені бұзған жағдайда ескерту алады, одан кейін дисквалификацияға ие болады
- Ұялы телефонмен қатысуға, жоба барысында пайдалануға тийым салынады.
- Жобаға 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар жас педагогтер қатысады (**қатысушылардың еңбек өтілі 3 жылдан аспауы тиіс**)

- Облыстық кезең 4 турдан тұрады.

– «Жүзден жүйрік» экранда берілген ұяшықтарды таңдау арқылы қазақ киносынан немесе қазақстандық жазушылардың аудио кітаптарынан үзінді беріледі және сол үзіндіге қатысты сұрақтар қойылады. 30 блок, әр блокта 1 сұрақтан. Сұрақтар экранға шығады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі.

– «Сөз тапқанға қолқа жоқ» қатысушыларға жағдаяттық сұрақтар қойылады. Жалпы сұрақ саны 30. Әр қатысушыға 1 сұрақтан қойылады. Әр дұрыс жауап 5 ұпаймен бағаланады. Максималды ұпай – 5 ұпай.

– «Шындық-жалған» жүргізуші қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихи тұлғалары, мәдениеті немесе қандай да бір тарихи оқиғаға сәйкес бейне сұрақтар қойылады. Қатысушылар **иә** немесе **жоқ** деп жауап береді. Берген жауабына дәйектер келтіреді, дәйек айтылса ғана ұпай қосылады. Жиыны 30 сұрақ қойылады. Әр дұрыс жауап 5 ұпаймен бағаланады. Максималды ұпай – 5 ұпай.

– «Заманауи мектеп жобасы» қатысушы жас мамандар ХХІ ғасыр талабына сай мектеп жобасын әзірлеп келіп, қорғайды. РІТСН презентация форматында. Тақырып өзектілігі, іске асу барысы, қорытындысы анық көрсетілу керек. Максималды ұпай -10 ұпай, регламент 2 минут (№2 қосымшада берілген критерийлер бойынша әзірлеу керек). **(жоба турларының атауы немесе мазмұны өзгертілуі мүмкін, өзгеріс енгізілген жағдайда алдын ала ескертіледі)**

- Қатысушыларды 4 әділ қазы бағалайды.

Ескерту: қазылар алқасы берілген жауаптың дұрыстығы мен сапасына қарай бағалайды және қазылар алқасының шешімі талқыланды. Кезеңдер бойынша шекті балл көрсеткіші берілген, қазылар алқасы өзінің пайымдауы бойынша жауапқа қанағаттанбаған жағдайда максималды ұпайдан төмен немесе «0» ұпай қоюға құқылы.

## **VI. Қаржы шығындары.**

1. Жобаға қатысу тегін.
2. Жобаға қатысушылардың іс-сапар шығындары жіберуші жақтың есебінен төленеді.

## **VII. Марапаттау.**

- «Ұстаздар аламаны» интеллектуалды жобасының ұйымдастырушылары тарапынан барлық қатысушыларына сертификат беріледі.
- Жоба қорытындысы бойынша I, II, III орындар және бас жүлде Ұстаздар аламаны кубогімен марапатталады.
- Бас жүлде иегері «Педагогикалық дуэт» облыстық конкурсына қатысуға жолдама алады.

**«ҰСТАЗДАР АЛАМАНЫ»  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУҒА ҮМІТКЕРЛЕР  
АНКЕТАСЫ**

<b>1</b>	<b><i>Қатысушының аты-жөні (толық және жеке куәлігі бойынша):</i></b>	
<b>2</b>	<b><i>Жасы:</i></b>	
<b>3</b>	<b><i>Туған жылы:</i></b>	
<b>4</b>	<b><i>Қызметтік лауазымы:</i></b>	
<b>5</b>	<b><i>Жұмыс орны туралы ақпарат:</i></b>	
<b>6</b>	<b><i>Қандай тілдерді меңгерген:</i></b>	
<b>7</b>	<b><i>Жетістіктері:</i></b>	
<b>8</b>	<b><i>Өмірлік ұраны:</i></b>	
<b>9</b>	<b><i>Сүйікті кітабы:</i></b>	
<b>10</b>	<b><i>Электронды поштасы:</i></b>	
<b>11</b>	<b><i>Телефон нөмірі (WhatsApp)</i></b>	

**Ескерту: Өтінім білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрмен бекітілген құжат болу қажет!**

«Белсенді мектеп жобасы» презентациясына қойылатын критерийлер:

**Жоба паспорты**

1. Атауы
2. Әзірлеу үшін негіздеме
3. Негізгі әзірлеуші
4. Мақсаттары
5. Міндеттері
6. Өзектілігі
7. Күтілетін нәтижелер
8. Іске асыру мерзімдері: 20.. - 20.. жылдар

**Регламент 2 минут**

***!!! Ескерту: Жоба, іске асырылып нәтижесін көрсеткен немесе осы оқу жылында іске қосылған, білім беру жүйесіне оң нәтиже беретін авторлық, заманауи жоба болуы тиіс.***